20.	Басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертуей, сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып, бөтен материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалануды тексеруге арналған компьютерлік бағдарламаны пайдалану. № 595 бүйреккә сәйкес бөтен материалды анықтау жүйесінде дипломдық жұмыстарын (жобаларды) сараптамасын Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығының базасында сақтау.	Басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертуей сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып, бөтен материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалануды тексеруге арналған компьютерлік бағдарламаның болуын растайтын құжат.	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
2.1. "Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
Білім беру саласындағы үәкілетті органның білім			

	<p>беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарына сәйкестігі.</p> <p>Қазақстан Республикасының Жоғары сотына, Қазақстан Республикасы үлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламасының № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарына сәйкестігі.</p>	<p>№ 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарына сәйкес әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілдепті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелері.</p>	<p>Білім беру бағдарламасының №2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын сәйкестігі туралы біліктілік талабы мәлімделген жағдайлар бойынша уәкілдепті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.</p>
21.	<p>Қазақстан Республикасы Жоғары сотына, Қазақстан Республикасының үлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар</p>	<p>Білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру н е м е с е ғылыми-өндірістік орталықтармен кадрларды даярлаудың және шетелдік</p>	<p>Шетел тілінде жасалған келісімдер және/немесе</p>

22.	<p>министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйімдарынан басқа, кадрларды даярлаудың және ше телдік консультанттарды тартудың тиісті бағыты бойынша әріптес ЖЖОКБҰ мәртебесі бойынша нормаларды қарастыратын ынтымақтастық туралы келісімдердің көшірмелері. Практикадан өту кезінде келісімнің жарамды болуы тиіс.</p> <p>н е м е с е ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы.</p>		<p>шарттар ұсынылған жағдайда, олардың қазак немесе орыс тілінде нотариалды расталған аудармамен қоса берілуі талап етіледі.</p>
23.	<p>Кемінде штаттағы төрт оқытушыда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша "ғылым кандидаты" және (немесе) "ғылым докторы" және (немесе) "философия докторы (PhD)" және (немесе) бейіні бойынша "доктор ғылыми" дәрежесінің және (немесе) "философия докторы (PhD)" академиялық дәрежесінің болуы; - "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми дәрежесі ("ғылым кандидаты" және(немесе) "ғылым докторы" және(немесе) "философия докторы (PhD)" және(немесе) бейіні бойынша "доктор" және(немесе) "философия докторы (PhD)" және(немесе) академиялық дәрежесі бар кемінде екі штаттық оқытушының болуы. 	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	

Оқытушылардың білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес қамтамасыз етілуі, оқытушылар білімінің оқытылатын пәндердің бейініне және олардың ғылыми дәрежесіне және/ немесе "

қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағына сәйкестігі. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "

қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар сұратылып отырған кадрлар даярлау бағыты бойынша

оқытушылардың үлесі және/немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан "Еңбек сіңірген жаттықтыруышы"

спорттық атағы бар оқытушылар - кемінде 70 %; кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі – 30 %-дан артық емес; "

24.

Онер және гуманитарлық ғылымдар" кадрлар даярлау бағыты бойынша : негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі, "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі және/немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан Қазақстан Республикасының құрметті атақтарымен және мемлекеттік наградаларымен марапатталған оқытушылар – 50 %-дан кем емес; кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "магистр" дәрежесі бар оқытушылардың үлесі – 50 %-дан артық емес; "Денсаулық сақтау" кадрлар даярлау бағыты бойынша: кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша).
--	--

философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе "кауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі – кемінде 50 %; кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "магистр" дәрежесі бар және/немесе резидентура бітірген, дәрігердің жоғары/бірінші біліктілік санатты және (немесе) клиникалық практикада кемінде 5 жыл тәжірибесі бар оқытушылардың үлесі – 50 %-дан артық емес;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін: оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын "

	<p>ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе " бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе " бейіні бойынша доктор" дәрежесі және/немесе " қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы және/ немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар оқытушылардың ұлесі кемінде – 40 %;</p>		
25.	<p>ЖЖОКБҰ қоу корпустарының жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызмет көрсетуге лицензияның болуы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйымдары үшін білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.</p>	<p>Медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3- қосымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір медициналық пункттің болуына рұқсат етіледі.</p>
	<p>ЖЖОКБҰ қоу корпустарында білім</p>		

26.	<p>алушылардың тамақтануына жағдай жасау. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйымдары үшін білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.</p>	<p>Санитариялық ережелерге сәйкес тамақтандыру объектісін, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның тамақтану объектісіне қорытындысы болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-косымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір тамақтану объектісінің болуына рұқсат етіледі.</p>
	<p>Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер: өрт-кузет жабдығы бар (ЖЖОКББҰ өрт қауіпсіздігі жабдығының жұмыс жасаудың қамтамасыз ететін үйымдармен келісім-шарттың болуы) мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік үйымдардың катысуымен білім беру үйымдары үшін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі кемінде 5 % ғимараттар (оқу үй-жайлары); білім беру үйымдарының жайларында және (немесе) іргелес аумақтарда бейнебақылауды қамтамасыз ету. Кодекстің 24-бабына сәйкес білім беру үйымының орналасқан</p>	<p>Пайдалы оқу аланының, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-косымшага сәйкес нысан бойынша). Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе гимаратты жалдау шартының көшірмелері. Денсаулық сақтау үйымдарымен және ғылыми үйымдардың келісім-шарттарының көшірмелері. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікте тексеру нәтижелері туралы келісім шарттың немесе актінің көшірмесі, немесе өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың</p>	

	<p>жері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жіberілген эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның болуы.</p> <p>"Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша медициналық мамандықтарды жүзеге асыратын медициналық білім беру бағдарламалары үшін – меншікті немесе шаруашылық жүргізу немесе сенімгерлік басқару құқығында, немесе ғылыми ұйымдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен келісім шарт негізінде жұмыс жасап отырган денсаулық сақтау саласында аккредиттелген клиникалық базалардың, білім беру ұйымдарының клиникасында болуы, медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін жедел басқару құқығындағы аккредиттелген клиникалық базаларымен, клиникаларымен, университеттік ауруханаларымен, резиденттура базаларымен камтамасыз етілуі, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымының денсаулық сақтау саласындағы практикалық денсаулық</p>	<p>көшірмелері, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтар, эвакуациялау жоспары, № 55 бұйрықтың 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес қажетті бастапкы өрт</p>
27.		

	<p>сақтау үйымдарымен және ғылыми үйымдармен жасалған тиісті меморандумдармен және шарттармен расталған өңірдің денсаулық сактаудың интеграцияланған академиялық орталықтың құрамында болуы.</p>	<p>сөндіру құралдарының ең аз тізбесі.</p>	
28.	<p>С ы м с ы з технологияларды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігі, № 595 бұйрыққа сәйкес келетін кітапханамен және компьютерлік сыйыптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы кадрлар даярлау бағытының білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жабдықтармен, материалдық-техникалық және оку-зертханалық базамен жараптандырылуы. № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шенберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дереккөрләры бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы. және нақты деректердің ҰБДҚ-мен сәйкестігі, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты</p>	<p>С ы м с ы з технологияларды қоса алғанда біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты</p>	

	<p>Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомстволық бағынысты білім беру үйымдары үшін ҰБДҚ жекелеген нысандары бойынша.</p> <p>Edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.</p>		білім беру үйымдарына қолданылмайды.
29.	<p>Білім беру үйымының үйымдармен және кәсіпорындармен азаматтық заңнамаға сәйкес жасалған шарттарға сәйкес қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторор лық жұмыстармен қамтамасыз етуі.</p>	<p>Техникалық ерекшелікті және жұмыстардың күнтізбелік жоспарын қоса бере отырып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторор лық жұмыстарды жүргізуге арналған үйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың көшірмелері. Оку кезінде жарамды шарттың болуы.</p>	<p>Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйымдарына қолданылмайды.</p>
	<p>Сұратылған бағыттың бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, кемінде уш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілдеп орнан бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нағижендерін жариялауға ұсынылатын ғылыми</p>		

30.	<p>басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) или Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйымдары</p>	<p>Жұмыс өтілін, ғылыми жарияланымдарын көрсете отырып, кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10</p>
-----	--	---

үшін магистранттарда "ғылым докторы" немесе "ғылым кандидаты" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі бар оқытушының немесе әскери (арнайы атағы, сыныптың шені) атағы полковничен төмен емес, оның ішінде кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар отставкады полковничен төмен емес оқытушылардың немесе судья немесе отставкады судья немесе негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, кадрларды даярлау бағыты бойынша кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлау бейіні бойынша отандық басылымдарда, халықаралық конференциялардың енбектерінде ғылыми жарияланымдардың авторы болып табылатын ғылым саласына сәйкес келетін білікті маманың ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы.

"Қызмет көрсету саласы", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", "Журналистика және ақпарат" кадрларды даярлау бағыттары үшін тиісті бейіндегі оқытушылардың сонғы 10 жылда 5 жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандардың білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) басшылықты жүзеге асыруы.

31.	<p>Білім беру бағдарламасына сәйкес сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базамен қамтамасыз етілу.</p>	<p>Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
32.	<p>Тиісті білім беру бағыты бойынша магистранттардың практикадан өту үшін отандық үйымдармен келісілген шарттармен және ғылыми тағылымдамадан өту үшін жасалған шарттармен (Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйымдарынан басқа) қамтамасыз етілуі.</p>	<p>Практика базалары ретінде, оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өту үшін айқындалған үйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері. Шарт оқыту кезінде жарамды болуы тиіс.</p>	<p>Шет тіліндеғана жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың қазақ немесе орыс тілінде нотариалды расталған аудармамен қоса берілуі талап етіледі.</p>
33.	<p>Басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертпей сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып, кірме материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалануды тексеруге арналған компьютерлік бағдарламаны пайдалану. № 595 бүйрекқа сәйкес бөтен материалды анықтау жүйесінде</p>	<p>Басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны (парафраз) өзгертпей сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып, кірме материалдың бар-жоғын және мәтінді пайдалануды тексеруге арналған компьютерлік</p>	<p>Біліктілік талабы Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар</p>

	<p>ғылыми-зерттеу жұмыстарын Мемлекеттік ғылыми-техникалық саралтама ұлттық орталығының базасында сақтау.</p>	<p>бағдарламаның болуын растайтын құжат.</p>	<p>министрлігіне және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына ведомстволық бағынысты білім беру үйымдарына қолданылмайды.</p>
2.2. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын (резиденттура) білім беру үйымдары мен ғылыми үйымдардың қызметі үшін			
34.	<p>Білім беру саласындағы уәкілдегі органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының № КР ДСМ-63 бұйрықпен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша клиникалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының көшірмелері .</p>	<p>№ КР ДСМ-63 бұйрықпен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша клиникалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының көшірмелері .</p>	
35.	<p>ЖЖОКБҰ қорпустарының жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның болуы.</p>	<p>Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке берілген лицензияның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына З-қосымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір медициналық пункттің болуына рұқсат етіледі.</p>
	<p>Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер: өрт-кузет жабдығы бар (ЖЖОКБҰ өрт қауіпсіздігі жабдығының жұмыс жасауын қамтамасыз ететін үйымдармен келісім-шарттың болуы) мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік үйымдардың қатысуымен білім беру үйымдары үшін меншікті не</p>		

36.

шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі кемінде 5 % ғимараттар (оку үй-жайлары); білім беру үйымдарының жайларында және (немесе) іргелес аумақтарда бейнебақылауды камтамасыз ету.
 "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша – меншікті немесе шаруашылық жүргізу немесе сенімгерлік басқару құқығында, немесе ғылыми үйымдармен және денсаулық сақтау үйымдарымен келісім шарт негізінде жұмыс жасап отырган денсаулық сақтау саласында аккредиттелген клиникалық базалардың, білім беру үйымдарының клиникасының болуы, медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін жедел басқару құқығындағы аккредиттелген клиникалық базаларымен, клиникаларымен, университеттік ауруханаларымен, резиденттура базаларымен камтамасыз етілуі, сондай-ақ медициналық білім беру үйымының денсаулық сақтау саласындағы практикалық денсаулық сақтау үйымдарымен және ғылыми үйымдармен жасалған тиісті меморандумдармен

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша).

Ғимараттарға және клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Денсаулық сақтау үйымдарымен және ғылыми үйымдардың келісім-шарттарының көшірмелері.

Білім беру үйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабакыны аудысымдылығы ескеріліп, ЖЖОКБҰ түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне

	<p>және шарттармен расталған өңірдің денсаулық сактаудың интеграцияланған академиялық орталықтың құрамында болуы.</p>	<p>бекітілген нормага сүйеніп жүргізіледі.</p>
37.	<p>С ы м с ы з</p> <p>технологияларды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігі, № 595 бұйрықпен бекітілген кітапханамен және компьютерлік кабинеттермен, компьютерлермен, кадрлар даярлау бағытының оку жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық және оку-зертханалық базамен, жабдықтармен жарақтандырылуы. № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дереккорлары бар білім беруді басқарудың акпараттық жүйесінің болуы. және нақты деректердің ҰБДҚ-мен сәйкестігі, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Корғаның министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомствоның бағынысты білім беру</p>	<p>Білім беру процесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-</p>

	<p>ұйымдары үшін ҰБДК жекелеген нысандары бойынша. Edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.</p>	<p>косымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	
38.	<p>"Гылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі бар кемінде екі маманның; немесе "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі бар кемінде бір маманның және негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, даярлау бейіні бойынша жоғары дәрігерлік санаты бар, ғылыми-педагогикалық өтілі 3 жылдан кем емес, клиникалық жұмысы 5 жылдан кем емес, сұратылып отырған кадрларды дайындау бағыты бойынша уәкілетті органмен ұсынылған отандық басылымдарда және сұратылып отырған кадрларды дайындау бағыты бойынша</p>	<p>Жұмыс өтілін, ғылыми жарияланымдарын, оқулықтары мен оқу құралдарын көрсете отырып, кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10</p>	

	<p>шетелдік басылымдарда 4 ғылыми жарияланымның авторы болып табылатын және оку құралдары бар бір маманың болуы.</p>	-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
39.	<p>Резидент-дәрігерлерді "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі немесе кадрларды даярлаудың сұралып отырган бағыты бойынша кемінде 5 жыл клиникалық жұмыс өтілі бар жетекші мамандар, оқытушылар катарынан тәлімгерлер ретінде даярлауды жүзеге асыру.</p>	<p>Тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жұмыс өтілін, ғылыми жарияланымдары мен оқулығын және оку құралын көрсете отырып, ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
40.	<p>Тиісті клиникалық даярлау мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-әдістемелік, клиникалық, материалдық-техникалық базаның болуы.</p>	<p>Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базаның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
	<p>"Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру үйім клиникасы, университеттік аурухана, резиденттура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық</p>		

41.	<p>сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № КР ДСМ-304/2020 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21848 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес кадрларды даярлаудың сұратылып отырған бағыты бойынша резидентура базаларымен келісімшарттардың және жетекші шетелдік медициналық білім беру үйымдарымен стратегиялық серіктестік тұрағы меморандумдардың болуы.</p>	<p>Резидентура базалары ретінде айқындалған толық оқу кезеңін қамтитын, ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған шарттардың көшірмелері</p>	
42.	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық корының болуы: соңғы он жылда кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламасы пәндерінің 100 %-ын қамтамасыз ететін баспа және электрондық басылымдар форматында, оның ішінде оқыту тілдері бойынша басып шығарылған.</p> <p>Дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорларга колданыстағы институционалдық жазылудың болуы.</p>	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер корының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-косымшага сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер корының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-косымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомстволық бағынысты білім беру үйымдары үшін "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" бағыты бойынша оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қоры бейіндеуші компонент пәндерін қоспағанда, соңғы 10 жылдағы білім беру бағдарламасының 100% пәндерін қамтамасыз ететін оның ішінде оқыту тілі бойынша басып шығарылған баспа және электрондық басылымдар форматында болуы</p>

2.3. "Философия докторы (PhD)" және "бейіні бойынша доктор" дәрежесін бере отырып, жогары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Сотына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру үйымдарының қызметі үшін

43.	<p>Білім беру бағдарламасының №2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттарын сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырган кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелері.</p>		
44.	<p>"Фылым кандидаты" немесе "фылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесі және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы немесе әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар немесе әділет кенесшісі кластық шенінен төмен емес, немесе судья немесе отставқадағы судья оқытушылардың үлесі 100 %-дан</p>	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша).</p>	
45.	<p>Білім алушыларды медициналық қызмет</p>	<p>Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы</p>	

	көрсетүмен қамтамасыз ету.	мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша).	
46.	Білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау.	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамактандыру объектісінің және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның тамактандыру объектісі бойынша қорытындыларының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша).	
47.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер: өрт-күзет жабдығы бар (ЖЖОКБҰ өрт қауіпсіздігі жабдығының жұмыс жасаудың қамтамасыз ететін ұйымдар мен келісім-шарттың болуы) мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік ұйымдардың қатысуымен білім беру ұйымдары үшін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі кемінде 5 % ғимараттар (оку үй-жайлары); білім беру ұйымдарының жайларында және (немесе) іргелес аумақтарда бейнебақылауды қамтамасыз ету	Пайдалы окуаланы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	Білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыруға байланысты лицензия алған немесе лицензияны қайта ресімдеген кезде алаңды есептеу оку сабактарының аудионын ескере отырып, ЖЖОКБҰ түрлері бойынша білім алушылардың ең аз контингентіне белгіленген нормаларға сүйене отырып жүргізіледі.
	Оку жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің,	

48.	материалдық техникалық және оқу-зертханалық базалармен, кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен, кітапханамен жарақтандырылуы.	оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына бі- қосымшаға сәйкес нысан бойынша).
49.	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын, кемінде үш жылғылы-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярау бейіні бойынша отандық басылымдарда, халақаралық конференциялардың енбектерінде ғылыми жарияланымдардың және оқу құралының авторы болып табылатын кадрларды даяраудың әрбір ғылыми бағыты бойынша кемінде бір "ғылым докторының" немесе кемінде екі "ғылым кандидатының", не "философия докторларының (PhD)" не "бейіні бойынша докторлардың" болуы.	Жұмыс өтілін, ғылыми жарияланымдарын, дайындалған оқулықтар мен оқу құралдарын көрсете отырып, тиісті кадрлар даярау бағыты бойынша ғылыми басшылықты жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).
50.	Сұратылып отырған кадрларды даярау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы.	Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).
	Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін	

51.	<p>орынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттарына сәйкестігі..</p> <p>Медициналық мамандықтары бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін "Денсаулық сақтау" кадрлар даярлау бағыты бойынша алдыңғы деңгейлерде кадрлар даярлау бағыты бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы (интернатурасы бар бакалавриат, магистратура, резидентура); білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының № КР ДСМ-63 бұйрыққа сәйкес бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттына сәйкестігі.</p>	<p>№ 2 және (немесе) № КР ДСМ-63 бұйрықтарымен бекітілген Жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттына сәйкес окудың толық кезеңіне әзірленген кадрларды даярлаудың суралатын бағытына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесі.</p>	<p>Білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының № 2 бұйрықпен бекітілген және (немесе) № КР ДСМ-63 бұйрықпен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттына сәйкестігі туралы біліктілік талабы мәлімделген шарттар бойынша уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.</p>
	<p>Оқу жоспарының пәндеріне сәйкес оқытуышлармен қамтамасыз етілуі, оқытуышлар білімінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі, сондай-ақ олардың "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесінің немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" және/немесе "</p>		

